

Мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 83 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2013 жылғы 27 ақпандағы № 103 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 26 наурызда № 4070 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2013 жылғы 13 қыркүйектегі № 152 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 13.09.2013 № 152 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағы 15) тармақшасына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес, Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 83 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3989 тіркелген , 2013 жылғы 24 қаңтарда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында:
1 - тармақтағы 3) тармақша:

"3) тұтынушының салық төлеушінің куәлігі;" алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтыншы сессия төрағасы

А. Утешов

А у д а н д ы қ

мәслихаттың хатшысы

А. Тюлюбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарабалық ауданы әкімінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

б а с т ы ғ ы

_____ *Т. Салмина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК